

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Шамалар және өлшем бірліктер. Тәулік.

ЖАРИЯЛАНДЫ
17.02.2018

СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/28150/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Пән: Математика	Мектеп: «Жаушықұм» мектеп-лицейі
Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:	Ортақ тақырып: Шамалар оның өлшем бірліктері
Күні: 6.12.2017ж	Мұғалімнің аты Тургумбаева Айгерім жөні:
Сынып: 2 «Ә»	Қатысқандар Қатыспағандар
Сабақтың тақырыбы:	«Шамалар және өлшем бірліктер» Тәулік
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Циферблат бойынша уақытты анықтау: сағат және минут
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: Уақытты сағат бойынша анықтайды Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Уақытты сағат бойынша секундқа дейін дәлдікпен анықтайды. Кейбір оқушылар орындай алады: сағаттардың әртүрлі түрлерін пайдалана отырып , уақытты атайды. Уақытты анықтау үшін циферблатты қолданады
Бағалау критерийлері	Өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау.
Құндылықтарды дарыту	Дүниетану,көркем еңбек, әдебиет.
Пәнаралық байланыстар	Бейне жазба, аудио жазба.
АКТ қолдану дағдылары	
Бастапқы білім	«Шамалар және өлшем бірліктер». Тізбектер
Сабақ барысы	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері: Слайд
0-5 мин	<input type="checkbox"/>
	Бағалау: «Жарайсың!», «Керемет!», «Өте тамаша!» мадақтау арқылы ауызша сөздік бағалау жүргізу. «Санамақ» әдісі арқылы топқа бөлу

Сабақтың ортасы

Ынталандыру

Балалар сендер алдығы сабақта **Сандармен амалдар орындау. Тізбектер. Есептер және математикалық модель . Шамалар және өлшем бірліктер тақырыптарымен танысқансыңдар. Ал бүгін мен сендердің қалай меңгергендеріңді көргім келіп тұр.**

Бейнежазба,

	✖		✖		✖

Түрлі ресурстар

Смайликтер

Балалар сендер өздеріңді осының қай жеріне тұрасыңдар.

Топтың аттары 3 саны, 5 саны, 7 саны, 9 саны

№ 1 тапсырманы орындау

Балаларды қайта орнына тұрғызу.

Жұмбақ шешу арқылы сабақтың тақырыбын ашу.

«Миға шабуыл» ширату жаттығуы

Жаңа сабақ

✖

Жауабы: Сағат

Мұғалім оқушылардан сұрайды.

- Уақыт деген не?
- Уақытты көруге, естуге, ұстап көруге болама?
- Ол барма?
- Бізді қоршаған әлемде барлық оқиғалар уақытпен жылжиды.
- Уақыт әрқашанда қозғалыста болады, бір сәтте тоқтамайды.
- Уақыт қандай бағытта жылжиды?
- Әрқашан тек бір бағытта жылжиды. Өткен шақтан болашаққа қарай. Уақытты артқа жылжытуға, ұстап қалуға, немесе тоқтатуға болайды.
- Күн тәртібі туралы сурет.

✖

✖

Суреттер көрсету.

Ал енді балалар тақтаға назар аударайық. Сағаттың шығу тарихы **видео ролик.**

Сағатты түсіндіру.

Оқушылар сағаттық қысқа тілі сағатты, ал ұзын тілі минутты білдіреді, тоқтаусыз тұрған тілі секундты білдіреді. 12 цифырынан бастап тілдердің қозғалу бағытымен минутты санауақажет. 1 цифрының деңгейінде минуттық тіл 5 минутты, 2 цифры деңгейінде 10 минутты көрсетеді. Ал осындай минуттық тілге 5 минуттан қосып отырса, онда 12 цифрының деңгейінде 60 минут алынады. Бұл 1 сағат ұзақтығын құрайды.

№2 тапсырма: Карусель әдісі арқылы орындау. Бұл әдіс бойынша бір-біріміздің тапсырмамызды тексереміз.

Сағаттан көрсету.

1-топ: 14:20 минут өтті.

2-топ: 15:30 минут

3-топ: 17:10 минут

4-топ: 13:05 минут

Сергіту сәті
1 мин

Қатені түзеу үшін дәрігердің көлігі келеді.

✖

Бейне ролик

№3 тапсырма: Галерея әдісін пайдалану.

✖

№4 тапсырма: Дәптермен жұмыс.

№4 есепті шығар. Мөлдірдің мектепке дейінгі жолына 25 минут уақыт кетеді. Ал Санжар Мөлдірден 8 минут артық жүреді. Санжар мектепке дейін неше минут жүреді.

Шарты:

Мөлдір – 25 мин

Санжар — ? 8 мин артық

Шешуі: 25+8=33

Ж: 33 минут

Сабақтың соңы	Қалыптастырушы бағалау №5 тапсырма: Жеке жұмыс. Рим цифрлары жазылған сандарды қорша және оқы. III 4 20 I 2 6 V 18 0 11 X 3 9 12 VI Қабілеті жоғары оқушыларға тапсырма: Қоянға берілген сандарды рим цифрларымен жазуға көмектес. 2 9 4 12	ҚБ тапсырмалар жинағы
----------------------	---	-----------------------------

Жетістік критерилері 1 мин уақыт беріледі

Саралау- оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?	Бағалау — оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік, техникасының сақталуы. Құндылықтардағы байланыс
Қабілеті төмен оқушыларға «Диалог және ауызша қолдау көрсету» саралау тәсілі бойынша жұмыс жүргіземін. Қабілеті жоғары ЖАДА аясында жұмыс жүргізеді. Қосымша тапсырмалар беру арқылы «Қарқын арқылы саралау» тәсілін қолданамын. Тапсырманы оқушылардың қажеттілігіне қарай саралап, табысқа бағыттау жолында ішкі уәжін ескере отырып таңдалды. Саралау жұмысы арқылы оқушы деңгейіне қарай тапсырма таңдалып, дереккөздердің көмегімен, оқушылардың жылдамдық дәрежесіне қарай, қолдау көрсетіп және бүгінгі сабаққа қорытынды жасау үшін осы тәсілдерге сүйендім.	Ашық сұрақтар қою арқылы қалыптастырушы бағалау жүргіземін.	Денсаулық, достық және айналадығыларға қамқорлық көрсету құндылығы дамиды. Партада денені тік ұстап отырамыз.
Сабақ бойынша рефлексия Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті? Қандай кедергілер болды? Не сәтті өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неге?	<input type="checkbox"/>	

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.